

ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІНІҢ

ПІКІРІ

Дитмангеріс ноёда

(жұмыс түрінің атауы)

Досмухамбетова Арай Әліханұлы

(білім алушының аты-жөні)

53075200 - Инженерлік ноуёнер ноёне ноёнер

(мамандық атауы жёне шифр)

Тақырып:

Параз қаласының салтүоттік - баттос ауданындағы ерталықтандрүрентан ноёнумен ноёдеуқтау ноёсіні қайта құру.

Дитмангеріс ноёда Параз қаласының салтүоттік - баттос ауданындағы ерталықтандрүрентан ноёнумен ноёдеуқтау ноёсіні қайта құру тағдары. Ноёне баттосқа ноёсі есептер ерталықтандрүрентан ноёну ноёктелері, ноёну ноёктелеріне байланысты су иётеуі, гидравликалық есептер. Сонымен қатар, аудан ала ноёну аумағынан ППУ ПЗ баттос құбырлар тағдары. Батмангеріс ноёда қаратанда есептеуінен ноёда ноёну ноёсінің ұрталықтандрүрентан 2 км қосарлан. Ноёда адрарадиялық қателіктер байланыда.

Досмухамбетова Арай Әліханұлына 53075200 "Инженерлік ноуёнер ноёне ноёнер" мамандығы бойынша техника ноёне технологиялық тағдарлар дренессін беруге дайын. Ноёда баттос 88%.

Ғылыми жетекші

тех. ғыл. канд., Ғылым. проф.

А.Мезгіл

Мешинбаев А.П.

(қолы)

«10» 05

2022 ж.

СЫН-ПІКІР

Дипломдық жоба
(жұмыс түрінің атауы))

Досмұхамбетова Арай Әділханқызы

(білім алушының аты-жөні)

58045200

(мамандық атауы және шифр)

Тақырыбы: „Тарау заманауи Сәулестік - Батпақ

аурашпидан ортамынжандықтан жолымен наб-
дақтау жолында қайта құру

Орындалды:

а) сызба материалдары 5 бет

б) түсініктемелік жазба 36 бет

ЖҰМЫС ҮШІН ЕСКЕРТПЕЛЕР

Дипломдық жоба тапсырмаларға сай орындалған.
Жобата төмендеген ескертпелер жасалған:
- сызба материалдары ретке келтіру
- орфографиялық қателіктер байқалған.
қайта байлауға жолы, су ағындары жө-
нелі жолы реттеу ескертпелер дұрыс шығары-
ған. Сонымен қатар жасау жолының
идеялық ескертпелер ескертпелер. Сызба
материалдары да дұрыс шығарған.

Жұмысты бағалау

Дипломдық жобаны орындау кезінде Досмұхамбетова
Арай AutoCad, Excel, Word программалары қолданылған.
Жоба өте жақсы бағаланды, студент Досмұхамбетова А.
58045200 „Инженерлік жүйелер жө-
нелі жолы“ мамандығы
бағалана техника жө-
нелі жолы бакалавр дәрежесіне
қолда (92 %).

Сын-пікір беруші

техн. ғылым. кафедр.



Иманбаев М.А.

(аты-жөні)

2022 ж.

Протокол

о проверке на наличие неавторизованных заимствований (плагиата)

Автор: Досмұхамбетова Арай

Соавтор (если имеется):

Тип работы: Дипломная работа

Название работы: Тараз қаласының солтүстік- батыс ауданындағы орталықтандырылған жылумен жабдықтау жүйесін қайта құру.doc

Научный руководитель: Куляш Алимова

Коэффициент Подобия 1: 0.1

Коэффициент Подобия 2: 0

Микропробелы: 0

Знаки из других алфавитов: 31

Интервалы: 0

Белые Знаки: 1

После проверки Отчета Подобия было сделано следующее заключение:

☒ Заимствования, выявленные в работе, является законным и не является плагиатом. Уровень подобия не превышает допустимого предела. Таким образом работа независима и принимается.

☐ Заимствование не является плагиатом, но превышено пороговое значение уровня подобия. Таким образом работа возвращается на доработку.

☐ Выявлены заимствования и плагиат или преднамеренные текстовые искажения (манипуляции), как предполагаемые попытки укрытия плагиата, которые делают работу противоречащей требованиям приложения 5 приказа 595 МОН РК, закону об авторских и смежных правах РК, а также кодексу этики и процедурам. Таким образом работа не принимается.

☐ Обоснование:

Дата

27.04. 2022

проверяющий эксперт

Протокол

о проверке на наличие неавторизованных заимствований (плагиата)

Автор: Досмұхамбетова Арай

Соавтор (если имеется):

Тип работы: Дипломная работа

Название работы: Тараз қаласының солтүстік-батыс ауданындағы орталықтандырылған жылумен жабдықтау жүйесін қайта құру.doc

Научный руководитель: Куляш Алимова

Коэффициент Подобия 1: 0.1

Коэффициент Подобия 2: 0

Микропробелы: 0

Знаки из других алфавитов: 31

Интервалы: 0

Белые Знаки: 1

После проверки Отчета Подобия было сделано следующее заключение:

- ☒ Заимствования, выявленные в работе, является законным и не является плагиатом. Уровень подобия не превышает допустимого предела. Таким образом работа независима и принимается.
- ☐ Заимствование не является плагиатом, но превышено пороговое значение уровня подобия. Таким образом работа возвращается на доработку.
- ☐ Выявлены заимствования и плагиат или преднамеренные текстовые искажения (манипуляции), как предполагаемые попытки укрытия плагиата, которые делают работу противоречащей требованиям приложения 5 приказа 595 МОН РК, закону об авторских и смежных правах РК, а также кодексу этики и процедурам. Таким образом работа не принимается.
- ☐ Обоснование:

Дата

27.04.2022г.

Заведующий кафедрой

Алимова А.М.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.Қ. Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

Досмұхамбетова А.Ә.

Тараз қаласының солтүстік - батыс ауданындағы орталықтандырылған
жылумен жабдықтау желісін қайта құру

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

5B075200 – «Инженерлік жүйелер және желілер»


Алматы 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.Қ. Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ
ИЖЖЖ кафедра меңгерушісі
техн.ғыл.канд., қауым.проф.
 К.К. Алимова
«10» 05 2022 ж.

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

Тақырыбы: “Тараз қаласының солтүстік-батыс ауданындағы орталықтандырылған жылумен жабдықтау желісін қайта құру”

Мамандығы 5B075200 – «Инженерлік жүйелер және желілер»

Орындаған



Досмұхамбетова А.Ә.

Пікір беруші

тех. ғыл. канд.

«10» 05 2022 ж.



Жетекші

техн.ғыл.канд., қауым.проф.
 Шегенбаев А.Т.
«10» 05 2022 ж.

Алматы 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.Қ. Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

5B075200 – «Инженерлік жүйелер және желілер»

БЕКІТЕМІН

ИЖиЖ кафедра меңгерушісі
техн. ғыл. канд., қауым. проф.

К.К. Алимова
«24» _____ 2022ж.

**Дипломдық жоба орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Досмұхамбетова Арай Әділханқызы

Тақырыбы: Тараз қаласының солтүстік-батыс ауданындағы орталықтандырылған жылумен жабдықтау желісін қайта құру

Университет басшысының 2021 жылғы «24» желтоқсан №489-П/Ө
бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі 2022 жылғы «30» сәуір

Дипломдық жобаның бастапқы берілістері: Тараз қаласының солтүстік-батыс ауданының бас жоспары; халық тығыздығы $m=192$ ад/га; қаланың климатологиялық деректері $t_o' = \text{минус } 21,1 \text{ град}$; $t_{om} = 1,7 \text{ град}$; $n_o=160$ тәулік; жылу көзі АҚ; ашық жылумен қамту жүйесі; жылу тасымалдағыш параметрлері $150-95-70 \text{ градус}$

Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі

а) Негізгі бөлім;

б) Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы;

в) Экономика бөлімі.

Сызба материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс)

1) Тараз қаласының солтүстік-батыс ауданының бас жоспары; 2) Жылу желісінің есепті сұлбасы; 3) Жылу желісінің пьезометрлік графигі; 4) Жылу желілерінің монтаждық сұлбасы; 5) Технологиялық карта.

Ұсынылатын негізгі әдебиет 10 атаудан

Дипломдық жобаны дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Негізгі бөлімі	03.02.2022-20.03.2022	<i>орындалған</i>
Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы	23.03.2022-07.04.2022	<i>орындалған</i>
Экономика бөлімі	03.04.2022-10.04.2022	<i>орындалған</i>

Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен норма
бақылаушының аяқталған жобаға қойған
қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күн	Қолы
Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы	И.З. Кашкинбаев техн. ғыл. д-ры, профессор	<i>10.05.2022</i>	<i>[Signature]</i>
Экономика бөлімі	А.Т. Шегенбаев техн. ғыл. канд., қауым. проф.	<i>10.04.2022</i>	<i>[Signature]</i>
Норма бақылау	А.Н. Хойшиев техн. ғыл. канд., қауым. проф.	<i>06.05.2022</i>	<i>[Signature]</i>

Жетекші

[Signature] Шегенбаев А.Т.

Тапсырманы орындауға алған білім алушы

[Signature] Досмұхамбетова А.Ә.

Күні

« 10 » 02 2022 ж.

АНДАТПА

Дипломдық жобаның негізгі мақсаты Тараз қаласының солтүстік-батыс ауданындағы орталықтандырылған жылумен жабдықтау желісін қайта құру.

Дипломдық жобаның негізгі бөлімінде жылумен жабдықтау жүйелерінің түрлері анықталды. Қаланың климаттық көрсеткіштері мен тұрғын үйлердің орналасуы және жылу желілерінің қайта құруының күрделенбеуін ескеріп, құрылыс нормалары және ережелері талабына сай есептеулер жүргізілді. Сонымен қатар, технологиялық карта құрастырылып, жұмысшылардың қозғалыс графигі, күнтізбелік жоспары толық жазылды және жылумен қамту жүйелерінің жылу оқшаулығыш материалдар шығыны қазіргі заманға сай оптималды бағамен есептелді. Жылу оқшаулағыш материалдардың локальді және объектілік сметалары құрастырылып есептелді.

АННОТАЦИЯ

Основной целью дипломного проекта является реконструкция централизованных сетей теплоснабжения в Северо-Западном районе города Тараз.

В основной части дипломного проекта определены типы систем теплоснабжения. Учитывая климатические показатели города и расположение жилых домов и отсутствие сложности реконструкции тепловых сетей, были произведены расчеты в соответствии со строительными нормами и правилами. Кроме того, был составлен технологическая карта строительства, составлен график движения рабочих, календарный план и произведен расчет расхода теплоизоляционных материалов систем теплоснабжения по современным оптимальным ценам. Составлены и рассчитаны локальные и объектовые сметы теплоизоляционных материалов.

ABSTRACT

The main goal of the diploma project is to reconstruct the Heat Supply Network in the North - Western District of Taraz.

In the main part of the diploma project, the types of heat supply systems were determined. Calculations were made in accordance with the requirements of building codes and regulations, taking into account the climatic indicators of the city, the location of residential buildings and the ease of reconstruction of heating networks. In addition, the technological map was drawn up, the schedule of workers' movement, the calendar plan were fully drawn up, and the consumption of heat-insulating materials of Heat Supply Systems was calculated at optimal prices, according to modern standards. Local and object estimates of thermal insulation materials were compiled and calculated.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	7
1 Негізгі бөлім	8
1.1 Жылумен жабдықталатын қаланың сипаттамасы	8
1.2 Жылу жүктемелерін есептеу	8
1.3 Жылытуға жылудың берілуінің реттік есебі	14
1.4 Есепті су шығындары	16
1.5 Жылу желілерінің гидравликалық есебі	18
1.6 Жылу желілерінің қондырғылары мен сорғыштарын есептеу	20
2 Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы	23
2.1 Құрылыс объектісінің сипаттамасы	23
2.2 Құрылыс – жинақтау жұмыстарының көлемінің тізімдемесі	23
2.3 Құрылыс жинақтау жұмыстары	25
2.4 Құрылыс жұмыстарының технологиясын таңдау	26
2.5 Құрылыстағы жұмыстар өндірісінің және жұмысшылар қозғалысының күнтізбелік графигі	28
3 Экономика бөлімі	30
3.1 Техничко – экономикалық есептемелері	30
3.2 Капиталды қаржыландыру есептеулері	30
3.3 Пайдалану шығыстарын есептеу жұмыстары	30
Қорытынды	34
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	35
Қосымшалар	37

КІРІСПЕ

Жылыту, желдету және ыстық суға жылуды заманауи талаптарға сүйене қарайтын болсақ әр- түрлі көзерден алуға болады. Осыған сүйене отырып, жердің және оның тұрғындарының талаптары мен сұраныстарына байланысты жылумен қамту орталықтандырылған және орталықсыздандырылған болып жүргізіледі. Бұл дипломдық жобада орталықтандырылған жылумен қамту жүйесі бойынша қайта жабдықтау қарастырылды. Жылумен қамтудың қандай түрі болмасын қолданушылардың санитарлы - гигиеналық нормалары мен олардың қолданудағы уақыт және еңбек шығындарын азайтуға, қоршаған ортаны ластау көрсеткіштерін кемітуге міндетті.

Дипломдық жобаның тақырыбы «Тараз қаласының солтүстік- батыс ауданындағы орталықтандырылған жылумен жабдықтау желісін қайта құру». Жобаның басты мақсаты Тараз қаласының солтүстік - батыс ауданындағы тұрғындарын орталықтандырылған жылумен жабдықтау. Қазіргі уақыттағы қолданыстағы жылу желісінің сұлбасымен салыстыра отырып жаңа желіні оптималды тұрғыда қайта тұрғызамыз. Жаңа жылу желісінің жылу тасымалдағышы ретінде су қолданылады. Дипломдық жобада тұрғындарға және қоғамдық ғимараттарға, жылыну, желдету жүйелеріне қажетті су шығындары табылған.

Жылу шығындарын азайту мақсатында ППУ құбырлары таңдалды. Бас магистральдің аудандық қазандықтан соңғы тұтынушыларға дейін ұзындығы 5950 метрді құрайды. Бас магистральдің ең үлкен диаметрі 800 мм-ге тең.

Ашық жылумен қамту жүйесін таңдалды. Тараз қаласының солтүстік-батыс ауданындағы барлық тұтынушыларын жылумен қамту үшін бас магистральдан қосымша бір тарам қарастырылады. Ескі желі бойынша қосымша екі тарам бар.

1 Негізгі бөлім

1.1 Жылумен жабдыкталатын қаланың сипаттамасы

Жылумен жабдықтауды жобалауға Тараз қаласының солтүстік- батыс ауданы таңдалынып алынды. Ауданда 136641 тұрғын бар.

Жылумен қамту жүйесін жобалауға қажетті сыртқы ауаның климотологиялық мәндері ҚНЖЕ бойынша алынды. Қысқы уақытта ең суық бес күндік ауаның температурасы минус 21,1°C және жылытылатын мерзімдегі ауаның орташа температурасы 1,7°C, ал жылытылатын кезеңнің ұзақтылығы 160 тәулікке тең. Желдің бағыты солтүстік және солтүстік- шығыс бағытқа қарай соғады. Жел раушанын ҚНЖЕ бойынша ақпараттар алып сызамыз.

Жылуды қолданушыларға ауданның кәсіпорындары және ауданның тұрғылықты тұрғын үйлері жатады. Қыс кезеңінде электрлік жылу ағыны және ең үлкен жылулық ағындармен жұмыс істейді.

Жылулық жүктемелер келесідей әдістермен анықталады. Кәсіпорын үшін: бу және ыстық су жылыту жүйесіне, желдетуге және ыстық сумен қамтамасыз етуге беріледі.

Тұрғын үй және тұрмыстық шаруашылық үшін: жылытуға, желдетуге және ыстық сумен қамтамасыз етіледі.

Дипломдық жобада Тараз қаласының солтүстік- батыс ауданын жылумен жабдықтау жүйесін жобалау қарастырылады. Жылумен жабдықтау жүйесі – ашық.

1.2 Жылу жүктемелерін есептеу

Аудандағы жылумен жабдықтау жүйесін қайта жобалау кезінде тұрғын кварталдарда орналасқан ғимараттардың желдету, жылыту мен ыстық су жүйесінің жылу жүктемелері анықталды, ол үшін кварталдардағы адамдар саны керек.

Қоныстанушылардың санын мына өрнекпен анықтаймыз:

$$m = F_{кв} \cdot \rho, \text{ адам}, \quad (1.1)$$

$$m = 23,08 \cdot 192 = 5382 \text{ адам},$$

мұндағы $F_{кв}$ – кварталдың ауданы, га.;

ρ - халық тығыздығы, адам/га.

Ауданның ғимараттарының жалпы ауданы (A), квартал тұрғындарының (m) бір адамға аудан нормасына (f) көбейтіндісімен анықталады. Берілген бойынша бір адамға аудан нормасы $f=18\text{м}^2$ тең.

$$A = m \cdot f, \text{ м}^2, \quad (1.2)$$

$$A = 5382 \cdot 18 = 96872 \text{ м}^2.$$

Тұрғын және қоғамдық ғимараттарды жылыту үшін максимал жылу ағыны [3]:

$$Q_o = q_o \cdot A \cdot (1 + K_1), \text{ Вт}, \quad (1.3)$$

$$Q_o = 75,4 \cdot 96872 \cdot (1 + 0,25) = 9,13 \cdot 10^6 \text{ Вт},$$

мұндағы q_o -қоныстану аймағын жылытуға ұлғайтылған максималды жылу ағын көрсеткіші, Вт/м², қабылданды $q_o = 75,4 \text{ Вт/м}^2$ – жаңа нұсқамен жоба ғимараттың салынған жылын және қабаттылығын ескеріп және сыртқы ауа температурасына минус 21,1⁰С байланысты[3];

K_1 - жергілікті ғимараттарды жылыту үшін жылу ағымды есепке алатын коэффициент, 0,25 [3].

Жергілікті ғимараттарды желдету үшін максималды жылу ағыны

$$Q_v = K_1 \cdot K_2 \cdot q_o \cdot A, \text{ Вт}, \quad (1.4)$$

$$Q_v = 0,25 \cdot 0,6 \cdot 75,4 \cdot 96872 = 1,096 \cdot 10^6 \text{ Вт},$$

мұндағы K_2 - жергілікті ғимараттарды желдету үшін максималды жылу ағынын есепке алатын коэффициент. Кварталдағы ғимараттар 1985 жылдан кейінгі құрылыс болған себептен $K_2 = 0,6$ қабылданылды [3].

Тұрғылықты және жергілікті ғимараттарды ыстық сумен қамтамасыздандыру үшін жылу ағындары

- жылытылатын кезеңдегі орташа ағын

$$Q_{hm} = q_h \cdot m, \text{ Вт}, \quad (1.5)$$

$$Q_{hm} = 376 \cdot 5382 = 2,024 \cdot 10^6 \text{ Вт}.$$

мұндағы q_h – тұрғылықты баспаналардың бір адамға керекті ыстық су жүйесінің жылу ағынының орташа іріктелген көрсеткіші, Вт/адам., бір адамға тәулігіне ыстық суды пайдалану нормасына байланысты қабылданылды [3].

- жылытылмайтын кезеңдегі орташа ағын

$$Q_{hm}^s = Q_{hm} \cdot \frac{60 - t_c^s}{60 - t_c} \cdot \beta, \text{ Вт}, \quad (1.6)$$

$$Q_{hm}^s = 2,024 \cdot 10^6 \cdot \frac{60 - 15}{60 - 5} \cdot 1 = 1,325 \cdot 10^6 \text{ Вт},$$

мұндағы 60°C - ыстық суының есептік температурасы, $^\circ\text{C}$;
 t_c, t_c^s - жылыттын және жылымайтын кезеңдегі суық судың температурасы, 5°C және 15°C есепке алынды [3];

β - жылымайтын кезеңде жылыттын кезеңмен байланысты ыстық сумен қамтамасыз етуге арналған суының орташа шығысының өзгеруін ескеретін коэффициент, қаланың орналасуына байланысты $\beta = 1$.

- жылыттын кезеңдегі максимал ағын

$$Q_{\max} = 2,4 \cdot Q_{hm}, \text{ Вт}, \quad (1.7)$$

$$Q_{\max} = 2,4 \cdot 2,024 \cdot 10^6 = 7,161 \cdot 10^6 \text{ Вт},$$

- жылымайтын кезеңдегі максимал ағын

$$Q_{\max}^s = 2,4 \cdot Q_{hm}^s, \text{ Вт}, \quad (1.8)$$

$$Q_{\max}^s = 2,4 \cdot 1,325 \cdot 10^6 \text{ Вт},$$

мұндағы 2,4 – ыстық сумен қамтуға жұмсалатын жылу қуатын пайдаланудың сағаттық тепе-теңдік коэффициенті.

Кварталдың жалпы жылу ағыны

$$\Sigma Q' = Q'_o + Q'_v + Q_{hm}, \text{ Вт}, \quad (1.9)$$

$$\Sigma Q' = (9,13 + 1,096 + 2,024) \cdot 10^6 = 12,249 \cdot 10^6 \text{ Вт}.$$

Жылумен қамту жүйесінің есепті жылу ағындарының нәтижелері 1.1 Кестеде көрсетілген.

1.1 Кесте- Жылу ағындары

Кварта л номері	Кварта л ауданы F,га	Халық саны m,адам	Құрылы с ауданы A,м²	Жылу ағындары,МВт					
				жылыт уға Q ₀ '	желде туге Q _v '	ыстық сумен қамтуға			ΣQ
						Q _{hm}	Q _{hmax}	Q _{shm}	
1	28,03	5382	96872	9,130	1,096	2,024	4,857	1,325	12,25
2	15,6	2995	53914	5,081	0,610	1,126	2,703	0,737	6,817
3	11,7	2246	40435	3,811	0,457	0,845	2,027	0,553	5,113
4	24,7	4742	85363	8,045	0,965	1,783	4,280	1,167	10,79
5	13,6	2611	47002	4,430	0,532	0,982	2,356	0,643	5,943
6	11,9	2285	41126	3,876	0,465	0,859	2,062	0,562	5,200
7	20,6	3955	71194	6,710	0,805	1,487	3,569	0,973	9,002
8	15,3	2938	52877	4,984	0,598	1,105	2,651	0,723	6,686
9	16	3072	55296	5,212	0,625	1,155	2,772	0,756	6,992
10	25,6	4915	88474	8,339	1,001	1,848	4,435	1,210	11,18
11	17,8	3418	61517	5,798	0,696	1,285	3,084	0,841	7,779
12	22,6	4339	78106	7,361	0,883	1,632	3,916	1,068	9,876
13	16,3	3130	56333	5,309	0,637	1,177	2,824	0,770	7,123
14	20	3840	69120	6,515	0,782	1,444	3,465	0,945	8,740
15	17,04	3272	58890	5,550	0,666	1,230	2,952	0,805	7,447
16	26,2	5030	90547	8,534	1,024	1,891	4,539	1,238	11,45
17	20,4	3917	70502	6,645	0,797	1,473	3,535	0,964	8,915
18	21,3	4090	73613	6,938	0,833	1,538	3,690	1,006	9,308
19	20,7	3974	71539	6,743	0,809	1,494	3,586	0,978	9,046
20	16,1	3091	55642	5,244	0,629	1,162	2,789	0,761	7,036
21	18,7	3590	64627	6,091	0,731	1,350	3,240	0,884	8,172
22	18,3	3514	63245	5,961	0,715	1,321	3,171	0,865	7,997
23	20,2	3878	69811	6,580	0,790	1,458	3,500	0,955	8,828
24	21,5	4128	74304	7,003	0,840	1,552	3,725	1,016	9,396
25	16,2	3110	55987	5,277	0,633	1,170	2,807	0,765	7,080
26	17,7	3398	61171	5,765	0,692	1,278	3,067	0,836	7,735
27	14,3	2746	49421	4,658	0,559	1,032	2,478	0,676	6,249
28	13,7	2630	47347	4,462	0,535	0,989	2,374	0,647	5,987
29	11,7	2246	40435	3,811	0,457	0,845	2,027	0,553	5,113
30	21,5	4128	74304	7,003	0,840	1,552	3,725	1,016	9,396
31	17,9	3437	61862	5,831	0,700	1,292	3,101	0,846	7,822
32	12,5	2400	43200	4,072	0,489	0,902	2,166	0,591	5,463
33	22,1	4243	76378	7,199	0,864	1,595	3,829	1,044	9,658
34	13,6	2611	47002	4,43	0,532	0,982	2,356	0,643	5,943
35	20,2	3878	69811	6,580	0,790	1,458	3,500	0,955	8,828
36	29,2	5606	100915	9,511	1,141	2,108	5,059	1,380	12,761

1.1 кесте жалғасы

Кварт ал номер i	Квартал ауданы F,га	Халық саны m,адам	Құрылы с ауданы A,м²	Жылу ағындары,МВт					ΣQ
				жылыт уға Q _o '	желдет уге Q _v '	ыстық сумен қамтуға			
						Q _{hm}	Q _{hmax}	Q _{shm}	
37	15,3	2938	52877	4,984	0,598	1,105	2,651	0,723	6,68
38	25,6	4915	88474	8,339	1,001	1,848	4,435	1,210	11,1
Σ	711,67	136641	2459532	231,81	27,817	51,37	123,3	33,62	311

Жылдық жылыту ағындарын есептеу:

- жылытуға;

$$Q_{o}^{жыл} = 86.4 \cdot Q_{om} \cdot n_o, \text{ кДж/жыл}, \quad (1.10)$$

$$Q_{o}^{жыл} = 86,4 \cdot 97360 \cdot 160 = 1349,637 \text{ МДж/жыл},$$

- желдетуге;

$$Q_{v}^{жыл} = 3,6 \cdot Z \cdot Q_{vm} \cdot n_o, \text{ кДж/жыл}, \quad (1.11)$$

$$Q_{v}^{жыл} = 3,6 \cdot 16 \cdot 11683 \cdot 160 = 107,671 \text{ МДж/жыл},$$

- ыстық суга.

$$Q_{hm}^{жыл} = 86.4 \cdot [Q_{hm} \cdot n_o + Q_{sh}^s \cdot (350 - n_o)], \text{ кДж/жыл}, \quad (1.12)$$

$$Q_{hm}^{жыл} = 86,4 \cdot [51377 \cdot 160 + 33629 (350 - 160)] = 1262289 \text{ МДж/жыл},$$

мұндағы Z – қоғамдық имараттарда желдету жүйесінің тәулік бойы орташа жұмыс уақытының сағатының саны, қоғамдық баспаналарда 16 сағат, яғни екі ауысымды болып келеді және жылытатын кезенге қатысты жылымайтын кезеңде ыстық сумен қамту үшін судың орташа шығынының өзгеруін есептейтін коэффициенті, қабылданады қалаға байланысты [3];

350 – жылумен қамту жүйесінің жыл бойы жұмысының тәуліктік саны;

n_o – жылытатын кезеннің созылуы, 160 тәулік қабылданады.

Жылытатын кезеңде орташа жылу жүктемелері анықталады:

- жылытуға;

$$Q_{om} = Q_o' \cdot \frac{t_i - t_{om}}{t_i - t_o'}, \text{ Вт}, \quad (1.13)$$

$$Q_{om} = 231811 \cdot 10^6 \cdot \frac{18-1,7}{18+21,1} = 97,36 \cdot 10^6 \text{ Вт},$$

- желдетуге,

$$Q_{vm} = Q_v \cdot \frac{t_i - t_{om}}{t_i - t_o}, \text{ Вт}, \quad (1.14)$$

$$Q_{vm} = 27,817 \cdot 10^6 \cdot \frac{18-1,7}{18+21,1} = 11,683 \cdot 10^6 \text{ Вт},$$

мұндағы t_i - жылытатын үйлердің ішкі орташа ауаның температурасы 18°C деп есептелінеді;

t_{om} - жылытатын кезеңдегі ауаның сыртқы орташа температурасы;

t_o - сыртқы ауаның есепті температурасы.

Жылудың жылдық жүктемелерінің қосындысы анықталады;

$$\Sigma Q^{\text{жыл}} = Q_0^{\text{жыл}} + Q_v^{\text{жыл}} + Q_{hm}^{\text{жыл}}, \text{ МДж/жыл}, \quad (1.15)$$

$$\Sigma Q^{\text{жыл}} = 1349,637 + 107,671 + 1262,289 = 2719,597 \text{ МДж/жыл}.$$

Тараз қаласының сыртқы ауа температурасына сәйкес жылу ағындарын есептеу нәтижесі 1.2-кестеде көрсетілген.

1.2 Кесте – Жылу ағындарының сыртқы ауа температурасына байланысты өзгеру нәтижелері

$t_n, ^\circ\text{C}$	$Q_{отн}$	$Q_o, \text{ МВт}$	$Q_v, \text{ МВт}$	$Q_{hm}, \text{ МВт}$	$\Sigma Q, \text{ МВт}$
-21,1	1	231,811	27,817	51,377	311,005
-15	0,844	195,646	23,478		270,501
-10	0,716	166,003	19,920		237,300
-5	0,588	136,359	16,363		204,099
0	0,460	106,716	12,806		170,899
5	0,332	77,073	9,249		137,698
8	0,256	59,287	7,114		117,778

Тараз қаласы үшін әр температураға байланысты сыртқы аралықтарының уақыт көрестекіштері 1.3-кестеде көрсетілген.

1.3 Кесте – Жылытатын кезініндегі сыртқы ауа температурасының ұзақтылығының есебі

Сыртқы ауа температурасы	Уақыт мерзімі		
	n,сағ	$\sum n, \text{сағ}$	$\sum n, \text{тәулік}$
$t_n, ^\circ\text{C}$			
-21,1	31	31	1
-15	90	121	5
-10	242	363	15
-5	513	876	37
0	971	1847	77
5	1164	3011	125
8	829	3840	160

1.3 Жылытуға жылудың берілуінің реттік есебі

Жылу беруді сапалы орталық реттеу жылу жүктемесінің сипаты арқылы жүзеге асырылады. Сыртқы ауа көрсеткіштеріне байланысты қыздырылған сұйықтықтың ауытқу мүмкіндігін ескере отырып, сыртқы ауа температурасына сәйкес келетін есептелген температураны орнатамыз.

Жылыту жүйесінің жылу ағымдарының сыртқы ауа параметрлеріне байланысты. Сондықтан жылыту кезеңінде тасымалдағыштың бойындағы температурасы төмендегі әдіспен табылады:

Жылу торабының беретін желісіндегі жылу апаратын судың температурасы сыртқы ауаның температурасы 8°C болған кезіндегі мысалмен:

$$\tau_{o1} = t_i + (\tau_{жа} - t_i) \cdot Q_o^{0.75} + (\tau'_{o1} - \tau'_{жа}) \cdot Q_o, ^\circ\text{C}, \quad (1.16)$$

$$\tau_{o1} = 18 + (82,5 - 18) \cdot 0,36 + (150 - 82,5) \cdot 0,2558 = 58,46^\circ\text{C}.$$

Ауаның сыртқы температурасы 18°C болған жағдайдағы жылу торабының қайтатын желісі бойынша температурасы:

$$\tau_{o2} = \tau_{o1} - (\tau'_{o1} - \tau'_{o2}) \cdot Q_o, ^\circ\text{C}, \quad (1.17)$$

$$\tau_{o2} = 58,46 - (150 - 70) \cdot 0,2558 = 38^\circ\text{C}.$$

Элеватордан шығатын судың жылытуға беретін желісі бойынша температура:

$$\tau_{cm} = \tau_{o1} - (\tau'_{o1} - \tau'_{cm}) \cdot Q_o, ^\circ\text{C}, \quad (1.18)$$

$$\tau_{cm} = 58,46 - (150 - 95) \cdot 0,2558 = 44,394^{\circ}\text{C},$$

мұндағы $Q_o = \frac{t_i - t_H}{t_i - t'_o}$ - жылыту жүйесіндегі салыстыру ағыны, Вт;

τ'_{o1} - жылу желісінің беретін су құбырындағы тасығыштың есепті температурасы, $^{\circ}\text{C}$;

τ'_{o2} - жылу желісінің қайтатын құбырындағы тасығыштың есепті температурасы, $^{\circ}\text{C}$;

τ'_{cm} - жергілікті жылу жүйесінің беретін құбырындағы тасығыштың температурасы, $^{\circ}\text{C}$;

t_i - жылытатын бөлмеге керекті ішкі ауаның температурасы;

$\tau'_{жа}$ - жылытуға арналған аспаптағы жылутасығыштың орташа температурасы, $^{\circ}\text{C}$.

Жылытатын кезеңде Тараз қаласына плюс 8°C -тан, минус $21,1^{\circ}\text{C}$ дейін сыртқы ауа температураларының әрқайсысына байланысты жылу желісінде беретін, қайтатын және жергілікті жылытудың жүйесінде беретін құбыр желісінің температурасы есептеледі.

Жылыту желісінен кейін шығар шығыстар жылу жүйесіне байланысты қаралады:

$$G_o = \frac{Q_o}{c(\tau'_{o1} - \tau'_{o2})}, \text{ кг/с}, \quad (1.19)$$

$$G_o = \frac{59286}{4,19 \cdot (58,46 - 38)} = 691,718 \text{ кг/с},$$

мұндағы c - су жылуының сыйымдылығы 100°C бойынша, $\text{кДж/кг } ^{\circ}\text{C}$;

Q_o - жылу жүктемесі, Вт.

Жылу берілудің реттек деректері:

- жылытуға есепті жылу ағыны $59,286 \text{ МВт}$;
- жылыту жүйесіне қарастырылған сыртқы ауа есептік температурасы минус $21,1^{\circ}\text{C}$;
- жылу торабында беретін желісінде есептік су температурасы $\tau'_{o1} = 150^{\circ}\text{C}$;
- жылыту жүйесінде беретін су құбырындағы есептік температурасы $\tau'_{cm} = 95^{\circ}\text{C}$;
- жылыту жүйесінің қайтатын құбырындағы есепті су температурасы $\tau'_{o2} = 70^{\circ}\text{C}$;
- бөлменің ішкі ауа температурасы 18°C ;
- жылыту аспабындағы жылу тасымалдағыштың орташа температурасы $\tau'_{пр} = 82,5^{\circ}\text{C}$;
- су жылуының сыйымдылығы 100°C сәйкес $4,189 \text{ кДж/кг } ^{\circ}\text{C}$.

Есептелінген апаратын және қайтаратын ағынды құбырлардың температураларына сәйкес тиісті жылытулық температураның графигі 1.4, 1.5 кестелері арқылы тұрғызылды [3].

1.4 Кесте- Жылытуға жылу ағындарының нәтижелері

Нүкте белгісі	$T_n, ^\circ C$	$Q_0^{отн}$	Q_0 мВт	$\tau'_{01}, ^\circ C$	$\tau'_{02}, ^\circ C$	$\tau'_{см}, ^\circ C$	G_0 , кг/с
1	8	0,2558	59,286	58,460	38,000	44,394	691,718
2	5	0,3325	77,072	68,684	42,085	50,397	691,718
4	0	0,4604	106,715	85,122	48,294	59,803	691,718
6	-5	0,5882	136,358	101,029	53,971	68,676	691,718
8	-10	0,7161	166,001	116,548	59,259	77,162	691,718
10	-15	0,8440	195,644	131,765	64,245	85,345	691,718
12	-21,1	1,0000	231,809	150,000	70,000	95,000	691,718
Сынық нүктесі	7,5544	0,2672	61,928	60,000	38,628	45,307	691,718
Түзету нүктесі	-10,726	0,7347	170,305	118,775	60,000	78,367	691,718

1.5 Кесте – Жылытулық температуралық графигінің есебі

Нүкте белгісі	$T_n, ^\circ C$	$Q_0^{отн}$	Q_0 мВт	$\tau', ^\circ C$	$\tau'_{01}, ^\circ C$	$\tau'_{02}, ^\circ C$	$\tau'_{см}, ^\circ C$	G_0 , кг/с
1	8	0,256	59,287	58,460	60,000	38,628	45,307	662,230
Сынық нүктесі	7,5544	0,267	61,929	60,000	60,000	38,628	45,307	691,725
2	5	0,332	77,073	68,684	68,684	42,085	50,397	691,725
4	0	0,460	106,716	85,122	85,122	48,294	59,803	691,725
6	-5	0,588	136,359	101,029	101,029	53,971	68,676	691,725
8	-10	0,716	166,003	116,548	116,548	59,259	77,162	691,725
Түзету нүктесі	- 10,726	0,735	170,307	118,775	118,775	60,000	78,367	691,725
10	-15	0,844	195,646	131,765	131,765	64,245	85,345	691,725
12	-21,1	1,000	231,811	150,000	150,000	70,000	95,000	691,725

1.4 Есепті су шығындары

Су жылу желілеріндегі гидравликалық есептеулерде жеке учаскелердегі судың есептік жоғалуы негіз болады. Желілік судың шығыны жылытылатын және жылытылмайтын кезеңдер үшін анықталады. Жылумен жабдықтаудың ашық жүйелерінде құбырлардан суды барынша бұру тәртібімен желілік судың шығыны анықталады.

Жылумен жабдықтаудың ашық жүйелерінің екі құбырлы жылу желілерінде жылыту кезеңі ішінде желілік судың шығысы айқындалады:

$$G_d = G_0 + G_v + K_3 G_{ihm}, \text{ кг/с}, \quad (1.20)$$

$$G_d = 27,244 + 3,269 + 0 = 30,514 \text{ кг/с},$$

мұндағы G_0, G_v, G_{ihm} - жылу, желдету және ыстық сумен қамту үшін есептік су шығыстары, кг/с;

K_3 - ыстық сумен жабдықтауға жұмсалатын судың орташа шығын үлесін ескеретін коэффициент, $K_3 = 0$.

Жылымайтын маусым кұбырындағы есептік су шығысы:

$$G_d^s = \beta G_{h\max}, \text{ кг/с}. \quad (1.21)$$

Жылу энергияны пайдаланатын қолданушылар үшін су шығысы анықталады:

- жылу жүйесі үшін;

$$G_o = \frac{Q_o \cdot 10^3}{c(\tau'_1 - \tau'_2)}, \text{ кг/с}, \quad (1.22)$$

$$G_o = \frac{9,13 \cdot 10^3}{4,19 \cdot (150 - 70)} = 27,244 \text{ кг/с},$$

- желдету жүйесі үшін;

$$G_v = \frac{Q_v \cdot 10^3}{c(\tau'_1 - \tau'_2)}, \text{ кг/с}, \quad (1.23)$$

$$G_v = \frac{1,096 \cdot 10^3}{4,19(150 - 70)} = 3,269 \text{ кг/с},$$

мұндағы Q_o - жылу жүйесіндегі жылу жүктемесі, кВт;

Q_v - желдеу жүйесіндегі жылу жүктемесі, кВт;

c - су жылуының сыйымдылығы 100°C болғандағы, кДж/кг $^\circ\text{C}$;

τ'_1 - жылуды беретін желінің құбыры бойынша жүретін судың негізгі температурасы, $^\circ\text{C}$;

τ'_2 - жылудың қайтар құбырындағы судың есептік температурасы, $^\circ\text{C}$.

Жылымайтын кезеңде ыссы сумен қамту үшін ашық жылумен қамтамасыз ету жүйесіне арналған су шығысы:

- орташа,

$$G_{hm} = \frac{Q_{hm} \cdot \beta \cdot 10^3}{c(t_h - t_c)}, \text{ кг/с,} \quad (1.24)$$

$$G_{hm} = \frac{2,024 \cdot 10^3 \cdot 0.8}{4.19(60 - 5)} = 8,783 \text{ кг/с,}$$

- максималды.

$$G_{h\max} = \frac{Q_{h\max} \cdot 10^3}{c(t_h - t_c)}, \text{ кг/с,} \quad (1.25)$$

$$G_{h\max} = \frac{4,856 \cdot 10^3}{4.19 \cdot (60 - 5)} = 21,079 \text{ кг/с,}$$

мұндағы c – судың меншікті жылу сыйымдылығы, қабылданады 4,189 кДж/кг °С ;

t_h, t_c – ыстық пен салқын суының температуралары, °С;

β – жылытылатын мерзімге қарағанда жылытылмайтын мерзімдегі ыстық сумен қамту жүйесінің орташа жылу ағынының өзгеруін ескеретін коэффициенті, 0.8.

Толық есептеулер А.1 кестесінде көрсетілген. Жылу желісінің есептік сұлбалары 2 сызба бөлімінде көрсетілген.

1.5 Жылу желілерінің гидравликалық есептері

Жылумен жабдықтау жүйелерін жобалау кезінде ең қажетті қадам-су жылу желілерінің құбырларын гидравликалық есептеу. Бұл есептеуді жүргізу үшін жылу көзі орны, жылу желілерінің бағыты мен схемалары таңдалады, тұтынушылардың жылу жүктемелері және желілік судың есептік шығындары анықталады.

Магистральдық және тармақтау желілеріне гидравликалық есептерді есептеу кезінде қысымның жоғалуының мынадай берілістері тиісінше ұсынылады:

- бас магистраль желісіндегі қысым шығыны 80 Па/м аспауы тиіс;
- желі тармақтарындағы қысым шығынының өзгеруі 300 Па/м аспауы тиіс.

Жылу желілік құбырларында судың қозғалысына орай қысымның жоғалуы байқалады, бұл әр бөлік үшін төменде көрсетілген:

$$\Delta P = \Delta P_{\text{л}} + \Delta P_{\text{м}}, \text{ Па}, \quad (1.26)$$

мұндағы $\Delta P_{\text{л}}$ - құбыр бойы бойынша жоғалатын қысым, Па;

$\Delta P_{\text{м}}$ - жергілікті кедергілер бойынша жоғалатын қысым, Па.

Желілердің ұзындығында қысым жоғалуы төмендегідей анықталады:

$$\Delta P_{\text{л}} = \Delta R_{\text{л}} \cdot l, \text{ Па}, \quad (1.27)$$

мұндағы $R_{\text{м}}$ - әрбір 1 м ұзындық ішіндегі қысым жоғалуы;

l - учаскілердегі құбыр ұзындықтары.

Жылу құбырларының түйіндеріндегі жергілікті әрекет ететін кедергіні анықтау келесі өрнек бойынша есептеледі:

$$\Delta P_{\text{м}} = \Delta R_{\text{л}} \cdot l \cdot \alpha, \text{ Па}, \quad (1.28)$$

мұндағы α — желінің диаметріне және эквалайзердің типіне байланысты жергілікті кедергілердің жалпы эквивалентті қашықтықтарын анықтайтын коэффициент.

Әрбір жеке учаскедегі жылу құбырларының қысымының жоғалуы есептеуді өрнектерді қолдана отырып жүргізуге болады (1. 27) және (1. 28), сондай-ақ мынадай түрде есептеледі, мысалы, АҚ-ЖК1 учаскілері арасындағы қысымның жоғалуы есептеледі:

$$\Delta P = \Delta R_{\text{л}} \cdot (l + (l \cdot \alpha)) = R_{\text{л}} \cdot l_{\text{нр}}, \text{ Па}, \quad (1.29)$$

$$\Delta P = 24 \cdot (640 + (640 \cdot 0,4)) = 21504 \text{ Па},$$

мұндағы $l_{\text{нр}}$ - учаскінің берілген ұзындығы, м.

Учаскідегі жоғалатын арынды төмендегі өрнекпен есептейді:

$$\Delta H = \frac{\Delta P}{\rho \cdot g}, \text{ м}, \quad (1.30)$$

$$\Delta H = \frac{21504}{1000 \cdot 9,81} = 2,192 \text{ м},$$

мұндағы g - ерікті құлау жылдамдығы, ол 9,81 м/с² деп есептелінеді;

ρ - судың тығыздығы, 1000 кг/с.

Су жылу желілерінің гидравликалық режимі жылыту және жылытылмайтын маусым үшін көзделуі тиіс.

Қайта құрудан кейінгі гидравликалық есептеулер нәтижесі А.2-А.5 кестелерінде көрсетілген.

Пьезометрлік графиктің тұрғызылу тәртібі:

- жылу желісінің беретін құбырлар арыны;
- жылу желісінің қайтатын құбырлар арыны;
- жердің геодезиялық бедері;
- гимараттардың биіктігін көрсету;
- құбыр диаметрі мен учаскілердің ара-қашықтығы;
- соңғы жылу тұтынушы жайгасқан арыны;
- статикалық тәртіптегі арыны.

Пьезометрлік сұлба 3 сызба бөлімінде көрсетілген.

1.6 Жылу желілерінің қондырғылары мен сорғыштарын таңдау

Орталықтандырылған жылумен жабдықтау жүйелерінің жылу көздерінде әртүрлі мақсаттағы сорғылар көзделеді. Толтырғыш сорғы жылу желісінің гидростатикалық режимін қажетті деңгейде қолдайды және гидродинамикалық режимде судың есептік жоғалуын қамтамасыз етеді. Гидродинамикалық режимдегі желілік сорғы тұтынушыларға есептелген су шығынын тасымалдайды. Сорғыштарды таңдау үшін олардың екі көрсеткіші қажет, яғни өнімділік пен қысым.

Желілік сорғыш. Сорғының өнімділігі жылынатын кезеңдегі судың есептік шығынына тең деп есепке алынады :

$$G_{жс} = G_d = G_o + G_v \cdot 3.6, \text{ м}^3/\text{сағ}, \quad (1.31)$$

$$G_{жс} = 774.732 \cdot 3.6 = 2789.0352 \text{ м}^3/\text{сағ}.$$

Сораптың арыны құрылған пьезометрлік графиктен қарастырылады:

$$H_{жс} = H_{жсж} + H_T + H_{жк}, \text{ м}, \quad (1.32)$$

$$H_{жс} = 32,02 + 39,5 + 15 = 86,52 \text{ м},$$

мұндағы $H_{жсж}$ - жылу беру және реверсивті құбырдағы қысымның жалпы жоғалуы;

H_T - жылу желідегі ең соңғы жылу қолданушы арынының жоғалуы;

$H_{жк}$ - жылу көзі қысым жұмсаруының жоғалуы.

Желіге таңдалынған сорғыш түрі СЭ–800-100, жылу көзіне төрт дана қойылды:

- өнімділігі – 800 м³/сағ;
- арын – 100 м;

- айналыу жиілігі – 1500 айн/мин;
- кавитация қоры – 7,3 м;
- қуаты – 315 кВт;
- ПӘК 80 пайыз.

Толтырғыш сорғыш. Ашық жылумен қамтудағы сорғы өнімділігі:

$$G_{mc} = 0.0075 \cdot (V_{жжс} + V_o + V_v + V_h) + G_{hm} \cdot 3.6, \text{ м}^3/\text{сағ}, \quad (1.33)$$

$$G_{mc} = 0.0075 \cdot (6220.1 + 5795.275 + 29.317 + 257) + 222.995 \cdot 3.6 \approx 894 \text{ м}^3/\text{сағ},$$

мұндағы $V_{жжс}$ - жылу желісіндегі су көлемі;

V_o - жылу жүйесі құбырындағы су көлемі;

V_v - желдету жүйесінің су көлемі;

V_h - ыстық сумен қамтамасыз ету жүйесінің көлемі;

0,0075 - тармақталған жылу желісіндегі 60 минутта жоғалатын су көлемі (0,75 пайыз), 2 пайыз болып апатты жағдайда қойылады [3].

Жылумен қамтамасыздандыру жүйелеріне қажет су көлемдерін анықтау:

- жылу желілеріне;

$$V_{жжс} = Q_{жжс} \cdot U_{жжс}, \text{ м}^3, \quad (1.34)$$

$$V_{жжс} = 311,005 \cdot 20 = 6220,1 \text{ м}^3,$$

- жылытуға;

$$V_o = Q_o \cdot U_o, \text{ м}^3, \quad (1.35)$$

$$V_o = 231,811 \cdot 25 = 5795,275 \text{ м}^3,$$

- желдетуге;

$$V_v = Q_v \cdot U_v, \text{ м}^3, \quad (1.36)$$

$$V_v = 27,817 \cdot 1,5 = 29,317 \text{ м}^3,$$

- ыстық сумен қамтуға.

$$V_{hm} = Q_{hm} \cdot U_{hm}, \text{ м}^3, \quad (1.37)$$

$$V_{hm} = 51,377 \cdot 5 = 256,885 \text{ м}^3,$$

мұндағы $Q_{жж}$ - жылу желісінің барлық жылу жүктемесі, мВт;

Q_o - жылу есептік жылу ағыны;

Q_v - желдету есептік жылу ағыны;

Q_h - ыстық сумен қамтамасыздандыру есептік жылу ағыны;

$U_{жж}$ - жылу желілеріндегі нормаланған судың көлемі $20 \text{ м}^3/\text{мВт}$;

U_o - жылыту жүйелеріндегі нормаланған судың көлемі $25 \text{ м}^3/\text{мВт}$;

U_v - желдету жүйелеріндегі нормаланған судың көлемі $1.5 \text{ м}^3/\text{мВт}$;

U_h - ыстық сумен қамтамасыздандыруға нормаланған меншікті су көлемі $5 \text{ м}^3/\text{мВт}$ тең деп қабылданады.

Толтырғыш сорғы арыны пьезометрлік графиктен максималды арынымен қабылданады $H_{ТС}=18.25\text{м}$. Тағдалынып алынған сораптың типі СЭ-800-55, су шығынына байланысты жылу көзіне байлансты төрт дана таңдалып алынды, оның біріншісі резервті:

- су шығару өнімділігі – $800 \text{ м}^3/\text{сағ}$;
- арыны – 55 м ;
- қалақша айналу жиілігі – 1500 айн/мин ;
- сораптың қуаты – 250 кВт .

2 Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы

2.1 Қайта құру объектісінің сипаттамасы

Құрылыс аймағы – Тараз қаласының солтүстік-батыс ауданы;
Құрылыс объектісі – жылу желісінің бас магистралінің жер астымен бөлігі;
Құбырларды төсеу әдісі – құбырларды жер астымен каналды төсеу, ұзындығы – 1010 м, диаметрі - 700 мм;
Теңелткіштер саны – 10 дана;
Жергілікті жердегі жылу желісінің орны – жолда.
Жол ені - 24 м, жүргін жердің ені – 2 м, көгал – 6 м;
Жер астынан жүретін каналдың абсолюттік белгісі 610 м, аяғында 609 м.
Топырақтың түрі – құмды;
Жер асты суының деңгейі – 1,7 м;
Топырақтың қату тереңдігі – 0,98 м.

2.2 Құрылыс – жинақтау жұмыстарының көлемінің тізімдемесі

Жер жұмыстарына топырақты араластыру және өңдеу жұмыстары кіреді. Жер жұмыстарының көлемін есептеу үшін, алдымен траншеялардың габариттік өлшемдерін есептеу қажет, ал теңелткіштер үшін қазандықтарды есептеу керек. Алынған аралық үшін каналды төселу үшін ұзын траншеяның түбі бойынша енін анықтау:

$$b = D' + 0.95, \text{ м}, \quad (2.1)$$

$$b = 2.58 + 0.95 = 3.53, \text{ м},$$

мұндағы D' – канал ені. Берілген учаскіде құбыр диаметрі 700 мм, таңдалған канал маркасы *КС-210х90*;

Жердің қыртысын өңдеу жұмыстарын ұзын ордың енінен 10 см кең жүргізіуі керек. Ұзын ордың түбінің ені – 3,53 м, жердің бетін өңдеудегі ені – 7 м болады. Жылу желісі төселінетін жер қыртысының ұзындығы – 1010 м. Өңдеу жұмыстарының ауданы:

$$S = (B + 0.2) \cdot L, \text{ м}^2, \quad (2.2)$$

$$S = (7 + 0.2) \cdot 1010 = 7272 \text{ м}^2,$$

мұндағы $B, \text{ м}^2$ – траншеяның үстіңгі ені;

0,2, м^2 – жер қабатын өңдеу кезіндегі қосылатын аралық;

L , м²- алынған аралықтың ұзындығы.
 Жер бетінен каналдың жоғарғы бетіне дейінгі тереңдік – 1 м.
 Жер қыртысынан каналдың астына дейін тереңдігі – 2,28 м.
 Ұзын ордың үстіңгі ені төмендегіше анықталады:

$$B = b + 2 \cdot m \cdot h_{mpa}, \text{ м}^2, \quad (2.3)$$

$$B = 3.53 + 2 \cdot 3 \cdot 1 = 9.53 \text{ м},$$

мұндағы $m=1$ құм үшін қолданылады 5 метрге дейін;
 b – траншеяның тереңдегі ені, м.

Ұзын ордың көлденең қимасыны ауданы каналдың өлшемдері бойынша анықталады:

$$F = \frac{h_{opt}(B + b)}{2}, \text{ м}^2, \quad (2.4)$$

$$F = \frac{3(9.53 + 3.53)}{2} = 19.59 \text{ м}^2.$$

Жылу желілерінің алынған бөлігіне жер жұмыстарының көлемі шыққан аудан бойынша оның ұзындығына көбейтіндісіне тең:

$$V_{mp} = F \cdot l, \text{ м}^3, \quad (2.5)$$

$$V_{mp} = 19.59 \cdot 1010 = 19785,9 \text{ м}^3,$$

мұндағы F – ұзын ордың көлденең қимасы ауданы, м²;
 l – желі құбырының ұзындығы, м.

Жер жұмыстарының жалпы көлемі $V_{mp} = 19785,9 \text{ м}^3$.

Теңелткіштің қуысы

Ор түбінің өлшемі қуыстың өлшеміне қарағанда 0,2 м үлкен деп алынады.
 Қуыстың өлшемі 4×5,2 м, онда ор түбінің өлшемі 4,2×5,4 м.

$$V_{кт} = (a \cdot b \cdot h) \cdot n, \text{ м}^3, \quad (2.6)$$

$$V_{кт} = (4.5 \cdot 5.4 \cdot 3.8) \cdot 4 = 344.7 \text{ м}^3,$$

мұндағы a, b, h - теңелткіш қуысының ені, биіктігі және ұзындығы, м;
 n – теңелткіштің саны, дана.

Жерді өңдеу жұмыстарының қолмен істеу пайызы (1.1%):

$$V_p = (V_{op} + V_{km}) \cdot 0,011, \text{ м}^3, \quad (2.7)$$

$$V_p = (19785.9 + 344,7) \cdot 0,011 = 221.4 \text{ м}^3.$$

КС 210х90 каналының көлемі: шартты ені 2580 мм, ұзындығы 1010 м, Биіктігі 1180 мм;

$$V = 2.58 \cdot 1.18 \cdot 1010 = 3074.8 \text{ м}^3.$$

Жерді өңдеу технологиялық жұмысының механикалық өңделу көлемі:

$$V_m = V_{op} + V_{km} - V_p, \text{ м}^3, \quad (2.8)$$

$$V_m = 19785.9 + 344.7 - 221.4 = 19909.2 \text{ м}^3.$$

Қалпына қайта келтіру, көму жұмысына керекті топырақтың көлемі:

$$V_z = (V_{mp} + V_{km} - V_z) \frac{1}{K_p}, \text{ м}^3, \quad (2.9)$$

$$V_z = (19785.9 + 344.7 - 3074.8) \frac{1}{1.045} = 16321.4 \text{ м}^3,$$

мұндағы $\frac{1}{K_p}$ – қалған топырақты қопсыту коэффициенті.

Артық топырақтың сыртқа шығарылатын көлемі:

$$V_{ш} = V_z \cdot K_p, \text{ м}^3, \quad (2.10)$$

$$V_{ш} = 3074.8 \cdot 1.045 = 3213.2 \text{ м}^3,$$

мұндағы K_p – қалған топырақты қопсыту коэффициенті.

2.3 Құрылыс жинақтау жұмыстары

Жылумен қамту трассасын жүргізу барысында жұмыс орындарында жол қиылысу болған жерге уақытша өткелдер қарастырылды, берілген бөлікті

жинақтау барысында бұндай өткелдердің саны 2 дана. Уақытша жүретін өткелдерінің ені жоба бойынша 4 метр болып алынды. Екі жақты қимылдар үшін, траншея еніне екі жағынан 1 метр ала есептелінеді

$$B = 7.45 + 1 + 1 = 9.45 \text{ м.}$$

Жалпы барлық уақытша көпіршелердің ауданы

$$S = 9.45 \cdot 4 \cdot 2 = 75.6 \text{ м}^2.$$

Жүргізілетін жинақтау жұмыстардың ауқымы: $d = 700\text{мм}$, $l = 1010\text{м}$;

Құбырларды звеноға жинастыру.

Құбырдың диаметрі 700мм. Бір құбыр он метрге тең. Ал бір звено үш құбыр ұзындығына тең, сонда $l_z = 30\text{м}$ болады. Бір звенодағы дәнекерленетін орын саны екіге тең. Барлық звенолардың саны мынаған тең:

$$n_m = \frac{L_H}{l}, \quad (2.11)$$

$$n_m = \frac{1010 \cdot 2}{30} \approx 67,$$

мұндағы L_H - жердің асты бойынша төселетін құбырдың ұзындығы.

Жылжымайтын щитті тіреулер жылу желілерінің жинақтау сұлбасы бойынша алынады – 1 дана.

Жинақтау сұлба бойынша сальникті теңелткіштер саны – 10 дана.

Алынған аралық бойынша ұзындығы $l = 1010\text{м}$, ал диаметрі 700мм бөлік үшін құрылыс жинақтау жұмыстарының тізімдемесі Б.1 кестеде көрсетілген.

2.4 Құрылыс жұмыстарының технологиясын таңдау

Сыртқы жылу жүйелері құрылысын жаз мерзімде жұмыс жасау үшін ресурстарды тиімді тұтынатын тасқынды аралас тәсілмен жүргізіледі .

Жер қазу машинасын таңдау.

Ұзын орларды өңдеуге арналған жер қазатын көлік ретінде кері күрекпен жабдықталған экскаватор қабылданады, орларды өңдеу көлік құралдарына топырақ тиеу тұрақтарынан төмен деңгейде жүргізіледі.

Экскаватордың маркасын таңдау жұмыстың көлеміне байланысты жасалады. Экскаватор түрін таңдау кезінде келесі жұмыс нормаларын ескере отырып, Hyundai 220 маркалы экскаватор таңдалды: қазу тереңдігі, топырақ толтыру биіктігі, әр ағызу арасындағы қашықтық.

Техникалық сипаттамасы: шынжыр табанды, шөміштің сыйымдылығы

0.92 м³; төгуінің биіктігі 9.6 м; ұзын траншея мен траншеяны қазудың үлкен тереңдігі 6,73 м; машинаға төгу аралығы 9.98 м деп таңдалды.

Көлік құралдарының санын анықтау

Көлік құралдарын үздіксіз пайдалануға арналған көлік құралдарының саны мынадай тәртіппен айқындалады:

$$n = \frac{g}{\rho \cdot V_k}, \quad (2.12)$$

